



«Бекітемін»
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым вице-министрі
Е.И.Иманғалиев
« 1 » маусым 2016 ж.

Тест спецификациясы

1. Тақырыбы: Неміс тілі пәні бойынша жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдеріне арналған тест.

2. Құрастырылу мақсаты: Тест педагог қызметкердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында құрастырылған.

3. Міндеті: Кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау.

4. Тест мазмұны: Тест үш бөліктен тұрады.

Б1 бөлігі - бір дұрыс жауабы бар (1/5) 10 тапсырма,

Б2 бөлігі - бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б) 5 тапсырма,

Б3 бөлігі - бір жағдаятқа (бір дұрыс жауабы бар) 5 тапсырма.

Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

Тест тапсырмалары 3 қиындық деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей (А) - 5 тапсырма.

Екінші деңгей (В) - 11 тапсырма.

Үшінші деңгей (С) - 4 тапсырма.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Қиындық деңгейі	Тапсырма формасы	Тапсырманың тестідегі орны
1	Сөз жасау	1	Сөз жасау	В	б/б	Б2-1
2	Лексика	1	Лексика	С	б/б	Б2-2
3	Морфология	1	Етістіктің негізгі формалары: әлді, әлсіз, ерекше топ. Көмекші етістіктер	А	1/5	Б1-1
		2	Сабақты етістің шақ формалары Präsens, Präteritum, Perfekt, Plusquamperfekt, Futurum. Ырықсыз етістің шақ формалары: Präsens, Präteritum, Perfekt, Plusquamperfekt, Futurum	А	1/5	Б1-2

		3	Етістіктің меңгерілуі: тәуелді табыс септігімен, тәуелді барыс септігімен, әртүрлі септіктердегі екі толықтауышпен. Предлогтар: барыс, табыс септіктерінің предлогтары, барыс және табыс септіктерімен меңгерілетін предлогтар	В	1/5	Б1-3
		4	Партицип I,II: анықтауыш, пысықтауыш есебінде, келісілген анықтауыш есебінде. Инфинитив оралымдары: етістік тіркестері haben/sein+ Infinitiv,um...zu + Infinitiv,ohne...zu + Infinitiv,anstatt..zu + Infinitiv	В	1/5	Б1-4
		5	Модаль етістіктер	В	1/5	Б1-5
		6	Артикль: Белгілілік артиклінің қолданылуы. Белгісіздік артиклінің қолданылуы Артикльдің қолданылмауы	В	1/5	Б1-6
		7	Род категориясы: мужской род, женский род, средний род зат есімдері. Зат есімнің көпше түрі. Зат есімнің септелуі: әлді, әлсіз, женский род зат есімнің септелуі, зат есімнің ерекше жағдайдағы септелуі, Зат есімнің көпше түрде септелуі	В	1/5	Б1-7
		8	Сын есімнің септелуі: әлді, әлсіз септелуі, Сын есімнің белгісіз артикльден, тәуелдік есімдіктерден және болымсыз есімдік «kein»-нен кейін септелуі. Сын есімнің шырайлары. Үстеу: құрылуы, үстеу шырайлары, үстеу есімдіктері	В	1/5	Б1-8
		9	Есімдік: жіктік есімдік, тәуелдік есімдік, сілтеу есімдік, болымсыз есімдік, қатыстық есімдік, өздік есімдік. Жақсыз есімдік «es» және белгісіздік-жіктеу есімдік «man»	С	1/5	Б1-9
		10	Сан есім. Есептік сан есім Реттік сан есім	А	6/6	Б2-3
		11	Шартты рай	В	6/6	Б2-4

		12	Бұйрық рай	В	б/б	Б2-5
4	Синтаксис	1	Сұрау сөздер Сөйлемнің сөз тәртібі.Бағыныңқы құрмалас сөйлемдер: мезгіл бағыныңқы сөйлем, себеп бағыныңқы сөйлем, мақсат бағыныңқы сөйлем, толықтауыш бағыныңқы сөйлем, анықтауыш бағыныңқы сөйлем. Салалас құрмалас сөйлем	С	1/5	Б1-10
5	Жағдаяттық тапсырмалар. Әртүрлі түрдегі (тест, таблица, график, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б) ұсынылған ақпарат негізіндегі жағдаяттар (оқиға, мәселе, шынайы өмірде болған оқиға)			А, А, В, В, С	1/5	Б3-1-5

5. Әрбір тапсырманың сипаттамасы:

Морфология - морфологиялық құбылыстардың мағынасын, тұлғалық жағын саралай білу.

Синтаксис- тілдің лингвистикалық білімін пайдалуын тексеру.

Лексика – сөздік қорын тексеру.

Аударма – лексико-грамматикалық біліктілігін тексеру.

6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 2 минут. Тестінің толық орындалу уақыты – 40 минут.

7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады. Бір тестіде 20 сұрақ.

8. Бағалау.

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2 балл,

- жіберілген бір қате үшін - 1 балл,

- екі және одан көп қате жауап үшін– 0 балл беріледі.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

ҰТО директоры



Қ. Әбдиев